

**“Қарабұлақ ауылының жалпы орта білім беретін мектебі”КММ
«Мұғалімдердің күнделікті сабақ жоспарларын тексеру нәтижелері бойынша
анықтама»**

Тексеру күні: 2025 жылғы 18 қараша

Тексерудің мақсаты: мұғалімдердің күнделікті сабақ жоспарларын әзірлеу әдістемесін меңгеру деңгейін, күнделікті сабақ жоспарларының болуын анықтау.

Бақылау түрі: құжаттық

Ішкі бақылау жоспарына сәйкес 2025 жылғы 18 қарашада 5–11 сыныптарда сабақ беретін мұғалімдердің күнделікті сабақ жоспарларына таңдамалы тексеріс жүргізілді. Орыс тілі (Кудренова Р.М., Арипова Е.А.), математика (Еркінбек Е., Ковалева Т.А.), ағылшын тілі (Қиден Н.А., Кожикенова А.А.), тарих (Мажитов Б.К., Кабар А.), дене шынықтыру (Зияданов Т.Б., Ережепов Р.К., Ынтымақ Т.), бастауыш сыныптар (Симинютина Л.А., Саржанова Х.М.), химия және биология (Кабжанова К.Б., Зияданова Л.С.), қазақ тілі (Қарағұлова А.К., Бупешова Р.А., Култаев Н.У.), информатика (Хасенова Г.К.) пәндері бойынша күнделікті сабақ жоспарлары қаралды.

Тексеру барысында төмендегі мәселелер қарастырылды:

- пән мұғалімінде күнделікті сабақ жоспарларының болуы;
- күнделікті сабақ жоспардың құрылымы;
- жоспардың сынып журналындағы және күнтізбелік-тақырыптық жоспарлаудағы жазбаларға сәйкестігі.

Күнделікті сабақ жоспарларын тексеру бойынша қорытынды:

Тексеру барысында мұғалімдердің күнделікті сабақ жоспарларды әзірлеу әдістемесін жалпы меңгергені анықталды. Күнделікті сабақ жоспарлар жоспарланған сабақ түріне сәйкес келеді. Жоспарлар күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау негізінде жасалған. Мұғалімдер оқушылардың білімдерін өзектендіру жұмыстарын жоспарлаған, сабақ мақсатын қою дағдыларын меңгерген, сабақтың құрылымдық элементтері сақталған. Мұғалімдер күнделікті сабақ жоспарларын баспа түрінде қолданады. Барлық тексерілген сабақ жоспарларында сабақтың тақырыбы, өткізу күні, сабақ мақсаттары, сабақтың негізгі мазмұны көрсетілген. Күнделікті сабақ жоспарлар сынып журналындағы және күнтізбелік-тақырыптық жоспарлаудағы жазбаларға сәйкес келеді.

Күнделікті сабақ жоспарларда оқушылардың өнімді қызметін ұйымдастырудың әртүрлі формалары мен әдістері қамтылған, өткен материалды қайталау жұмыстары жоспарланған, АКТ (мультимедиялық презентациялар, аудиожазбалар, қосымша танымдық акпарат) қолданылады.

Алайда тексеру барысында келесі ескерту анықталды:

- Қабілетті және үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жоспарланбаған.






Ұсыныстар:

1. 2025 жылғы 18 желтоқсанда күнделікті сабақ жоспарларды қайта тексеру жүргізілсін (ескертулерді жою үшін).

2. Күнделікті сабақ жоспарларды тексеру барысында анықталған ескертулерді жою; алдағы жұмыста осындай кемшіліктерге жол бермеу.
3. Мұғалімдерге емтиханға дайындықты тиімді жүргізу мақсатында қайталанатын оқу материалының ауқымын кеңейту.
4. Қабілетті және үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмысты жоспарлап, ұйымдастыру.

Басшының ОІЖ орынбасары:  К.Б. Маулибергенова

Таныс болды:

Кузнецова Р.М. 
Арипова Е.А. 
Еркінбек Е. 
Ковалева Т.А. 
Кизил Н.А. 
Козыкеева А.А. 
Молитов Б.К. 
Молар А. 
Зиндинов Т.Б. 
Ережепов Р.К. 
Ынтымак Т. 
Сямилотина Л.А. 
Сиржанова Х.М. 
Зиндинова Л.С. 
Кабжанова К.Б. 
Каратулова А.К. 
Бунешова Р.А. 
Култгаев Н.У. 
Хасенова Г.К. 